



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

09. 04 2018 ж.г.

№ 135-Ө

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

**Банкроттықты басқарушыны  
босату туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 12-бабы 11-тармағына, 89-бабы 2-тармағы 17) тармақшасына, «Уақытша әкімшіні, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушыларды есепке алу, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау және шеттету қағидаларын, сондай-ақ уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 189 бұйрығының 15 тармағына және С.З. Нурмахановтың банкроттықты басқарушысы міндетінен өз еркімен босату туралы 2018 жылғы 29 наурыздағы арызы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттықты басқарушы Нурмаханов Сактаган Зейнуллаевич «ИнжСтрой-Кызылорда» ЖШС-нің БСН 040640006176 мүліктері мен істерін басқарудан өз еркімен босатылсын.

2. Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің 2018 жылғы 21 қаңтардағы №44-Ө бұйрығының күші жойылды деп есептелсін.

3. С.З. Нурмаханов үш жұмыс күні ішінде банкроттың құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі мөрлерді, мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Борыштармен жұмыс басқармасының басшысы Б. Ақжігітке жүктелсін.

Департамент басшысының  
міндетін атқарушы



М. Қалдарбеков

000440